

КОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАГЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.К.Идрисова

06 2024 ж.

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІН
2023-2024 оқу жылындағы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Түркістан – 2024

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу

Академиялық комитет мүшелеріне АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша Академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспары ұсынылды. 2023-2024 оқу жылының Академиялық кенес кұрамына біршама өзгерістер енгізілді. 2023-2024 оқу жылы 6B02286-Философия-дінтану жана білім беру бағдарламасы ашылып, осы ББ-га студенттер кабылданды. Сондықтан да Академиялық комитет кұрамына жана мүшелер косылды. Академиялық комитеттің жана кұрамы 28.09.2023ж №180а бүйріғымен бекітілді. Жұмыс жоспар АК мүшелері тарапынан бір ауыздан колдау тапты. Қарсы, қалыс қалған жок.

2. Постмонитринг есебін дайындау (7M02262 – Теология)

2021 жылы 7M02262-Теология білім беру бағдарламасы аккредитациядан өткен болатын. IQAA аккредитация агенттігіне экспертердің көрсеткен ұсыныстары негізінде постмонитринг есебі дайындалып өткізілді. Есептер кабылданды. Оқытуши профессор кұрамының академиялық ұтқырлығы мен білім беру бағдарламасына қатысты казак тіліндегі оқу күралдарын жетілдіру бойынша жұмысты ары қарай жалғастыру ұсынылды.

3. Кадрларды даярлау нарығына талдау жүргізу.

Түркістан облысы әкімдігі Қоғамдық даму басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директор орынбасары М.Халыковпен және ҚР МСМ «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени корық-музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары М.М.Тастанбековпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары талқыланды. Қазіргі таңда қоғамның сұранысына қарай дінтанушы, теолог және исламтану мамандарын сапалы дайындау ете маңызды мәселе болып отыр. Осымен байланысты Қазакстандағы жоғары білім беруге негізделген 6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану және 6B02286-Философия-дінтану мамандарын даярлау жүйесінің көздейтін максаты – жан-жакты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы мамандығы бойынша кажетті білім, іскерлік, дағдысы қалыптаскан терен білімді және оны жас ұрпақты тәрбиелеуде қолданудын әдістемелік жүйесін білікті, ізгілікті маман даярлау.

Білімгерлердің жалпы мәдениеттілік және кәсіптік күзыреттіліктерді қалыптастыруға кажетті білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне жетуі оқу пәндері арқылы камтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің кыскаша сипаттамалары олардың қазіргі тандағы заманауи педагогикалық, инновациялық және креативтік технологияларды менгеруге және жоспарланған оқыту нәтижелерін толық менгеруге бағытталғанын көрсетеді. Осы максатта 2023 жылы қабылданған 6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология және 6B02266-Исламтану білімгерлерінің білім беру бағдарламасына «Мамандықка кіріспе», «Түркі ислам тарихы және мәдениеті», «Түрік ислам әдебиеті», «Хитаба», «Өркениеттер тарихы», «Діни профилактика және оналту негіздері», «Діни толеранттылық негіздері», «Дінтанулық талдау, сараптама және мониторинг негіздері», «Ғылым және дін», «Қазақ ойшылдарының діни көзқарастары», «Құран аудармалары мен түсіндірмелері» секілді пәндер косылды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру

2023-2024 оқу жылына кабылданған білімгерлер жаңартылған білім бағдарламамен білім ауды бастады. ББ-ның мазмұны, пәндердің өзектілігі тақырыптарына байланысты семинар-тренингтер ұйымдастыру бойынша сөз қозгалды. Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде ең алдымен жұмыс берушілердің ұсыныстарын тыңдауға ерекше назар аударылды. Білім алушылар теориялық білімдерін алғаннан кейін өндіріс орындарында практиканан өтеді. Осы практика барысында біздің студенттердің қандай күзыреттіліктерін дамыту қажет екенін анықтаудың маңыздылығы бойынша сөз қозгалды.

2. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау

Әр ББ бойынша практика бағдарламалары бойынша аудит ұйымдастырып, мазмұнын талдауымыз қажет екені алға тартылды. ҚРГЖБМ 2023 жылғы №125 бұйрығы бойынша практиканы ұйымдастыру және өткізу туралы нұскаулар берілген және әр практиканың өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп мәні мен мазмұны қамтылған. Практика бағдарламасына аудит ұйымдастыру, нұскаулыққа сай мазмұнын жаңарту өте маңызды. Осы жұмыстар жүйелі түрде орындалса, білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала. Әрбір практика бойынша практиканың мазмұны анықталды. Практиканы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі, практика мазмұнын анықтайтын жалпы принциптері, практикантың өткізетін құжаттамасы талданып, практика бағдарламасы кайтадан жаңартылды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру

Академиялық комитеттің желтоқсан айындағы жоспары бойынша бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламаларға (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02286-Философия-дінтану) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға (7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология, 7M02210-Тарих, 7M02212-Түркітану) ішкі аудит ұйымдастыру жоспарланған. Әр ББ бойынша білім беру бағдарлама жетекшілері ішкі аудит ұйымдастырыды.

6B02228-Дінтану және 7M02211-Дінтану білім бағдарламасы бойынша өзіндік бағалау жұмыстарын жүргізілді. Ішкі аудиттің нәтижесіндегі мәліметтер арнайы презентация ретінде әзірленіп университет сайтына жүктелді. Ол жерде білім бағдарламасына қатысты төмендегі мәліметтер көрсетілді:

ББ сипаттамалары, ББ мақсаты, ББ тұжырымдамасы, маманның лауазымдарының тізімі, кәсіби қызмет саласы, кәсіби қызмет объектісі, Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері (анализ), соңғы 3-5 жылда ББ катыскан рейтинг нәтижелері, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері, сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, тұлектердің, баска да қызығушы тараптардың) нәтижелері, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, тұлектердің жұмыска орналасу нәтижелері, ББ білікті оқытушылармен

қамтамасыз етілуі, ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, ББ инфраструктуралық қамтамасыз етілуі және ен сонында SWOT талдау.

6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 7M02262-Теология білім беру бағдарламасының өзіндік есебінде ББ-ның жалпы сипаттамасы, шетелдік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері, казакстандық және шетелдік университеттермен серіктестік жұмыстары және жұмыс берушілермен байланыс нәтижелері көрсетілген. Сондай-ақ бітіруші түлектердің сауалнамалары, олардың жұмысқа орналасу нәтижелері пайыздық көрсеткішпен берілген. Сонында кафедраның SWOT- талдау кестесі орын алған. 6B02229-Теология білім беру бағдарламасы НҚАОКО, НААР және Атамекен сиякты агенттіктеріндегі ББ рейтингіне катыспағандыктан бұл туралы мәлімет презентацияда берілмеді.

6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих білім беру бағдарламасының ішкі аудитінде түлектердің атрибуттары орын алған. Түлектердің атрибуттары негізінде білім беру бағдарламасының мақсаты жасалған. Білім беру бағдарламасының мақсатына сай оқыту нәтижелері құрастырылып, аталған оқыту нәтижелері пәндермен сәйкестендірілген. 2022-2023 оку жылы жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларды жұмыс берушілердің ұсынысы және отандық және шетелдік ЖОО-дағы ББ мазмұнын талдай отырып жаңартылған. Ағымдағы жылдағы білім беру бағдарламалар келесі оку жылына қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз ұсынуға болатындығы айтылды. Сараптамадан жақсы көрсеткішпен өткен және оку тәжірибесінде сыналған бағдарлама казірше толыктыруды кажет етпейді. Ішкі аудит есебінің сонында рейтинг нәтижелері мен ББ бойынша күшті, әлсіз жактары, кауіптер мен мүмкіндіктер көрсетілген.

6B02267 Түркітану ББ мақсаты Түркі тілдерінің спецификалық жүйесін біletін, тілдік сабактастықтың тарихи үдерісін салыстырмалы түрде анықтай алатын және осы білімді түркологиялық зерттеулер кеңістігінде кәсіби деңгейде колдана алатын филологиялық білімі бар бакалаврларды даярлау. Білім беру бағдарламаны талдай отырып казіргі заманауи талаптарға толыктай сәйкес келетінін айтуды. ББ ішкі аудит нәтижесінде ББ-ның мазмұны сарапланып, өзгеріс кажет емес деген корытынды алға тартылды.

6B02286-Философия-дінтану ББ коғамның сұранысына карай ашылған жаңа білім беру бағдарламасы. Осы оку жылы алғаш рет білімгер кабылданды. ББ білімгер саны 19. ББ-ның мақсаты Философия және дінтану саласында терен білімді менгерген, әлеуметтік-коммуникативті дагдылары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын табысты іске асыра алатын, дүнинетанымдық-құндылықтық, акпараттық және сараптамалық-талдау қызметін жүзеге асыру үшін кәсіби құзыреттілікке ие білікті мамандар даярлау. ББ оқыту нәтижелері мен ББ мақсаты бір-біріне сәйкес құрастырылған. Білім беру бағдарламасының құзыреттері мен оқыту нәтижелері білім алушылардың біліктілігін арттыруға бағытталған.

7M02212-Түркітану ББ бойынша ішкі аудит ұйымдастырылды. Ішкі аудиттің корытындысы бойынша SWOT талдау жасалды. Талдау нәтижесін қысқаша төмендегідей түйіндеуге болады: ББ бойынша қосдипломды ББ болуы, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғары болуы, кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда макалалары жариялануын күшті жактарының ішінде көрсетуге

болатындығы айтылды. Әлсіз жактарына ББ бойынша ПОК-ның әзірлеген оку құралдарының аз болуы және контингенттің аз болуын атап өтуге болады. Сонымен қоса халықаралық ынтымактастықты дамыту және инновациялық оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру сиякты ББ-ны жаксарту бойынша көптеген мүмкіндіктердің бар екендігі алға тартылды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАНТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ-ларына мониторинг жүргізу

Кантар айында Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша ББ-на мониторинг жүргізу жоспарланған. Осы бағыт бойынша (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02266-Исламтану, 6B02286-Философия-дінтану, 7M02262-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02210-Тарих, 7M02212 Түркітану) білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізу кажет екені айтылды. Мониторинг жүргізу барысында жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларға пікірі өте маңызды. Сондыктan да студенттердің практика жұмыстарын үйлестіру және жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларға қанағаттану деңгейін анықтап, талдау жасау кажет. Бұл алдағы білім беру бағдарламалардың мазмұнын жаксарту тұрғысынан маңызды.

АК мүшелері колданыстағы білім беру бағдарламасы 2022-2023 оқу жылында жаңартылғандыктан, осы білім беру бағдарлама келесі оқу жылы үшін де тиімді екені алға тартылды. Білім беру бағдарламалардың оқыту нәтижелері мен құзыреттері студенттердің біліктілігін арттыруға бағытталған. Бұны оқу тәжірибесі, өндірістік практикалардан өту барысында көруіміз мүмкін екені айтылды. Себебі теориялық алған білімнің нәтижесі практикада байкалады.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ-ларына мониторинг нәтижелерін талдау


Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалардың (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02266-Исламтану, 6B02286-Философия-дінтану, 7M02262-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02210-Тарих, 7M02212 Түркітану) жұмыс берушілеріне сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнамаға жалпы 21 респондент катысты. Сауалнамаға катысқан жұмыс берушілер Қызылорда облысы дін істері баскармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы, Түркістан облысы дін мәселелерін зерттеу орталығы, Қожа Ахмет Ясауи университеті аударма орталығы, Түркістан облысы бала бакшасы, Түркістан облысы калалық әкімшілігі, Түркістан қаласы мектеп директорлары, Археология ғылыми-зерттеу институты, Туркология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан Ахмет Ясауи колледжі директоры және т.б мекемелерден жұмыс берушілер катысты.

Жұмыс берушілерден білім беру бағдарламаға қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сұрақтар койылды. Сұрақтардың мазмұнын тізімдеп көрсететін болсак:

- Біздін ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз
- Біздін ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін баска ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап берсеніз


- Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағаласаңыз
 - Біздін түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі каншалықты сәтті деп санайсыз?
 - Жұмыс беруші ретінде біздін түлектеріміздің үздіксіз оку мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз?
 - Түлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу кабілетін қалай бағалайсыз?
 - Сіздің ұйымыңыздың қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламамызды қандай салаларда жақсартуға болады деп ойлайсыз? Ұсыныстарының бар ма? Осыған қатысты қандай да бір косымша тілектер мен ескертулер болса, жазып көрсетуіңізді өтінеміз.
- Жұмыс берушілердің сауалнамага берген жауаптарын төмендегідей талдап көрсетуге болады:

Біздің ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз
21 уағыт




Жоғарыдағы диаграммада көріп отырғанымыздай түлектеріміздің сапасы тұрғысынан жұмыс берушілердің 76.2% - ете жақсы; 19% - жақсы қалған 4.8% - төмен деп бағалаған. Бұл көрсеткіш білім беру бағдарлама түлектерінің жұмыс берушілер тарапынан жоғары деңгейде бағалағанын көрсетеді.

Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап берсеңіз
21 уағыт




Жұмыс беруші ретінде біздің тұлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз?
21 штудия



Жұмыс берушілер тарапынан университетіміз тұлектерінің басқа ЖОО тұлектерімен салыстырмалы түрде бағалау бойынша төмендегідей нәтижеге кол жеткіздік. Жұмыс берушілердің 71.4 % біздің ЖОО тұлектері кәсіби түрғыдан мейлінше дайындалғанын алға тартса, респонденттердің 9,5% басқа ЖОО тұлектерімен салыстырғанда мамандардың бірдей екенін тілге тиек етті. Тек 9,5% ғана тұлектердің кәсіби түрғыдан дайындығы басқа ЖОО тұлектерінен төмендеу деп бағалады. Бұл көрсеткіш нарықтағы бәсекелестіктің жоғары екенін көрсетеді.

Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мән біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағаласаңыз




Тұлектердің бойында сапалы біліммен катар, өмірдегі өзгерістерге бейімделу, адамдармен жаксы коммуникация жасау, сынни түрғыдан ойлау, уакытты басқару, сртесске төзімділік сиякты кейбір икемді дағдылардың (soft skills) болуы өте маңызды. Сондықтын да біздер жұмыс берушілерден тұлектердің бойындағы жоғарыдағы касиеттердің деңгейіне байланысты сұралтар койған болатынбыз. Жоғарыдағы шкалада осы дағдылар мен біліктіліктердің деңгейі туралы көрсеткіштердің көре аламыз. Білім беру бағдарлама тұлектеріміздің компьютерлік дағдылары, қызмет бағыты бойынша заманауи

технологияларды колдануы, мәселені алдын ала болжай білу, коммуникативтік дағдылары, кәсіби және этикалық жауапкершілік, кәсіби түрғыдан дамуға деген ынта, шет тілдерін менгеру сияқты дағдылар мен біліктіліктер бойынша жұмыс берушілердің көпшілігінен «жаксы» және «көремет» деген жауапты алдық.


Біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі қаншалықты сәтті деп санайсыз?

21 жауап:



Түлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін қалай бағалайсыз?

21 жауап:



Жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісін, өз саласындағы өзгерістерге тез бейімделу үдерісін және жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің үздікіз оку мен дамуға дайындығын қалай бағалайсыз деген сұрақтарға берген жауаптарын талдайтын болсақ, жұмыс берушілердің басым көпшілігі «өте жаксы» және «жаксы» деген жауаптарын алдық.

Жалпы корыта айтатын болсақ жоғарыдағы диаграммалардан көріп отырганымыздай жұмыс берушілердің университетіміздің білім беру бағдарлама түлектерінен қанағаттану деңгейінің жоғары екенін байқауға болады.

Ен сонында жұмыс берушілерден «Ұйымыныздың кажеттіліктерін жаксырақ қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламамызды қандай салаларда жақсартуға болады» деген сұраққа бір неше ұсыныстар мен пікірлерін алдық. Бұл ұсыныстарды төмендегідей көрсетуге болады:

- Теориялық білімді үнемі практикамен ұштастыру кажет;
- Музей ісі мамандарына деген сұраныс бар. Тарихи ескерткіштерді корғау, көрме үйимдастыру мен өткізу, жәдігерлер кезеңін анықтау біліктіліктері назарға алынса;
- Практикалық сабактар көп болса;
- Тәжірибеге барынша көп, әрі ұзак уақыт берсеніздер! Дайындаған мамандарыныздың ынта жігерімен, қызығушылықтары бірден көрінеді;
- Құжаттамалық пәндер оқытылса;
- Түлектер әрдайым ізденісте болса.

Білім беру бағдарламалардың жалпы мазмұны қанағаттанарлық деп айтуға болады. Бұл жердегі ен маңызды мәселе студенттер теориялық алған білімдерін практика жүзінде колдана алуында. Сол кезде ғана бітіруші түлектер бәсекеге қабілетті, өз саласының маманы болып шығады. Білімгерлердің жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға кажетті білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне жетуі оку пәндері арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының оку пәндерінің қыскаша сипаттамалары олардың қазіргі таңдағы заманауи педагогикалық, инновациялық және креативтік технологияларды менгеруге және жоспарланған оқыту нәтижелерін толық менгеруге бағытталғанын көрсетеді.

Жұмыс берушілер тарапынан Қожа Ахмет Ясауи университетінің түлектерінің дайындығын жалпы кәсіби тұрғыдан жаксы деп бағалауға болатынын, студенттердің діни мәтіндерді оқып түсінуіне, мәтіндерге дінтанулық-теологиялық сараптама жүргізу дағдыларына көбірек назар аударылса деген ұсыныстарын алға тартты.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1.ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, колданыска ендірілуін қамтамасыз ету

2023-2024 оку жылында ББ тізілімдемесіне ешқандай жаңа білім беру бағдарламасы тіркелмегені айтылды. Былтырғы оку жылы жаңартылған білім беру бағдарламаларын аудит жасау барысында келесі оку жылына кабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз қалатынына байланысты шешім кабылданды. Өйткені сараптамадан жаксы көрсеткішпен өткен және оку тәжірибесінде сыналған бағдарлама қазірше толықтыруды қажет етпейді.

2. Жұмыс берушілермен кездесу үйімдастыру

Жұмыс берушілермен кездесудің негізгі мақсаты біздің бітіруші түлектеріміздің жұмыска орналасу мәселесі және осы бойынша туындаған мәселелерді талқылау. Сонымен катар білім беру бағдарламасының жалпы мазмұнына байланысты сұраптар болса, сол сұраптар бойынша жұмыс жасау. Қазіргі таңда елімізде теолог-дінтанушы мамандар сұраныска ие болып отыр. Жыл сайын Қазақстанның әртүрлі өнірлеріндегі әкімшілік және дін мәселелерін зерттеу орталыктарына кажетті бос жұмыс орындарының тізімі жарияланады. Сол себепті жұмыс берушілермен кездесу мерзімін сәуір айында үйімдастыру туралы шешім кабылданды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1.ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау

АК мүшелері тарапынан университеттің қазіргі таңдағы мүмкіндіктері туралы тәмендегідей ой-пікірлер алға тартылды: Қазіргі таңда біздің университет көп профилді университет болып табылады. Университет оқытушылар мен білім алушылар үшін материалдық-техникалық база жеткілікті. Білім алушылар жатақханамен қамтамасыз етілген. Кітапхана соңғы жылдарда шықкан жаңа әдебиеттермен толықтырылуда. Оку ғимараттары жалпы білім алушылардың сапалы білім алына жеткілікті. Жалпы білім аламын деген білімгерлер үшін барлық жағдай жасалынған. Біздің университет Түркиялық көптеген ЖОО-мен меморандум және келісім-шарт жасаған. Түркияның

жоғары оку орындары университетіміздің стратегиялық серіктестері болып табылады. Осы меморандумдар мен келісім-шарттар негізінде біздің университет ОПК және білім алушылар жыл сайын Түркияның көптеген жоғары оку орындарына Эрасмус, Мәулана, Орхун бағдарламалары аясында ұтқырлықпен тәжірибе жинақтап келеді. Бұл университетіміздің ОПК және білім алушыларға жасаған үлкен мүмкіндіктері. Түрік тілін, араб тілін және ағылшын тілін үйренуге арналған Тіл үйрету орталығы жұмыс жасауда. Тіл үйрету орталығындағы курстардың төлемі білім алушылар үшін қол жетімді.

2.ББ шенберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау

ОПК тұралы түрде ББ шенберінде өзі сабак беретін пәнніне сәйкес біліктілік арттыру курсынан өтеді. Осы оку жылы жана қабылданған ОПК-ға арналған оку жылының басында біліктілік арттыру курсын өту бойынша кесте жасалып, сол кесте бойынша біліктілік курсарынан өткендігі алға тартылды.

3.ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оку-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.

Қазақстан Республикасы Гылым және жоғары білім министрлігінің 2024 5 кантардағы №4 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарында 2.1. пунктіне сәйкес оку бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде 100 пайыз қамтамасыз ететін, баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оку, оку-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана корының болуы туралы айтылған. Осыған байланысты әр ББ бойынша баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оку, оку әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана корына талдау жүргізіліп, ұсыныстар дайындалды.

4. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру

19 сәуір 2024 жыл Теология факультетінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға 2023-2024 оку жылында бітіретін барлық бітіруші курс студенттері мен факультеттің оқытушы-профессор құрамы қатысты. Жұмыс берушілер тарапынан Түркістан облысы дін мәселелерін зерттеу орталығы өкілдері, Түркістан облысы мәдени-корық мұражай қызметкерлері және т.б қатысты. Кездесудің максаты Теология факультетінде дайындалатын мамандарды (дінтанушы, теолог, исламтанушы, психолог-дінтанушы, философ-дінтанушы) болашакта қызметпен қамтамасыз ету.

Жұмыс беруші өкілі – М.Халыков кездесуде бүгінгі таңдағы Қазақстанда жүргізіліп жатқан теологиялық оналту жұмыстарының жағдайы, ерекшеліктері, күніміздегі теологиялық проблемалардың шешілуі т.б. қоғамдағы діни мәселелер туралы баяндады. Қазіргі таңда қоғамымызда дінтанушы-теолог мамандарға сұраныстың жоғары екенін тілге тиек етті. Кездесу сонында қатысуышылар тарапынан қойылған сұраптарға жұмыс берушілер жан-жакты тұщымды жауаптар берді.

5. «Дін саласындағы қызмет» кәсіби стандартын талқылау

Казақстан Республикасы Мәдениет және акпарат министрінің 2023 жылғы 5 казандағы № 391-НҚ бұйрығы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылы 6 қазанда № 33516 «Дін саласындағы қызмет» көсіби стандарт тіркелген. Бұл көсіби стандарт бойынша дінтанушы, исламтанушы және теолог мамандарын даярлаудағы маңызды мәселелер орын алған. Білім беру бағдарламаларын өзірлеу кезінде дінтану, исламтану және теология мамандарының дағдылары мен міндеттерінің бір-бірімен ұксас немесе ауысып кету сиякты мәселелерге ерекше мән беру кажет екені накты көрсетілген. Сонымен катар дін саласындағы мамандарды дайындайтын университеттер дін саласындағы қызметтің көсіби стандартын өзектендіру кезінде мамандыктар бойынша (теолог, исламтанушы, дінтанушы) накты және тек оларға ғана тән құзыреттер мен дағдыларды аныктап, білім беру бағдарламаларын академиялық талаптарға және әлемдік стандарттарға сәйкес келтіру мәселесіне назар аудару керек екендігі көрсетілген. ББ-ын жаңарту кезінде «Дін саласындағы қызмет» көсіби стандарт негізге алыну кажет екені туралы сөз қозғалды.


2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ SWOT-талдау жүргізу

Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларға SWOT-талдау жүргізілді. Бұл ББ-лардың сапасын жақсарту тұрғысынан өте маңызды. SWOT-талдау нәтижесінде ББ бойынша күшті, әлсіз жактары анықталып, қауіп-кательлер мен мүмкіндіктер нактыланды.

Жалпы SWOT-талдау нәтижесінде күшті жактарына білім алушылар мен кызметкерлердің мәдени және зияткерлік дамуы, салауатты өмір салтын калыптастыру үшін жасалған жағдайлар, түрік тілін жетік менгерген ОПҚ санының жоғары болуы, кафедрада ОПҚ ғылыми дәрежеліліктің жоғары болуы, тұлектордің жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғары болуы сиякты мәселелер айтылды. Әлсіз жактарына Халықаралық гранттық жобаларға оқытушылардың катысу белсенділігінің төмендегі, оқытушылардың импакт факторы бар журналдарда ғылыми макала жариялау белсенділігінің төмендегі, көптілдікке байланысты осы бағытта сабак бере алатын мамандардың аз болуы сиякты мәселелер алға тартылды. Мүмкіндіктерге ОПҚ-ның «Болашак» немесе «Турция бурстары» сиякты халықаралық бағдарламага катысу мүмкіндігінің болуы, студенттердің Эрасмус, Орхун және Мәулана сиякты ұтқырлық бағдарламалармен шетелдік ЖОО-на барып оку мүмкіндігі, кос-дипломды ББ жасау мүмкіндігі туралы айтылды. Ал қауіп катель белімінде Ұлттық және Халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласында жоғары бәсекелестіктің болуы туралы сөз қозғалды.

Академиялық комитеттің № 10 мәжілісінде 06.06.2024 ж талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы  Ж.Нурматов